

Ресми рецензент - Серикова Айнур Темешованың
 6D120200 - «Ветеринарлық санитария» мамандығы бойынша философия (PhD) дәрежесін тағайындалуына ұсынылған Күшмұханов
 Женис Сериковичтің «Мия тамыры экстрактісі пайдаланылған күс етін ветеринарлық-санитарлық бағалау» тақырыбы бойынша
 диссертациялық жұмысына берілген жазбаша пікірі

Р/Н №	Олшем шарттар	Олшем шарттарға сәйкестігі (жауап иүскәларының бірін сыйзу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негізде (ескертуді курсивпен корсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылыминың даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларга сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылыминың даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен номірін көрсету); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын корсету); 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалмаган. 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаган. Диссертациялық жұмыс бастамашыл. Қаржыландырылусыз орындалды. 3) Диссертация "Агронеркәсіптік кешенниң тұрақты дамуы" ғылыминың даму бағытына, Ветеринария басымдығына сәйкес келеді және соның негізінде орындалды.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады</u> /коспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаган.	Ғылыми жұмыс ветеринария ғылыминың, соның ішінде ветеринариялық-санитариялық сараптау ғылыминың дамуына үлесін <u>косады</u> . Зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша мия тамыры экстрактісі пайдаланылған бідене етінің ветеринариялық-санитариялық корсеткіштеріне оң асер ететін маңыздылығы ашылған және пайдалы моделге тапсырыс берілген.
3.	Озі жазу принципі	Озі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ;	<u>Озі жазу деңгейін жоғары</u> . Диссертация ғылыми тілде, түсінікті жазылған. Белгілі зерттеу болімдерін озі

		<p>2) орташа; 3) төмен; 4) озі жазбаган</p>	орындаған: атап айтқанда топтарға бөліп тәжірибелерді жүргізу, сынамаларды алу, алынған зерттеу иетижелерін талдау болімдері.
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) <u>негізделген</u>;</p> <p>2) ішінара негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p>	<p>Негізделген. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығынан ашылған, себебі балпандарды сактап қалу, иммунитетін көтеру, сондай-ақ бодененің онімділігін арттыру, жогары сапалы, тагамдық құндылығы мол онім алу үүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Осы орайда жүргізілген зерттеу жұмыстарының иетижесінде мия тамыры экстрактісінде күстардың осуіне, қанының биохимиялық, гематологиялық корсеткіштеріне, етінің органолептикалық, физикалық-химиялық, микробиологиялық корсеткіштеріне, химиялық, минералдық және аминқышқылдар құрамының, сапасына жақсы әсер ететіндігі гылыми тұрғыда негізделген.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды;</p> <p>1) <u>айқындайды</u>;</p> <p>2) ішінара айқындайды;</p> <p>3) айқындаамайды.</p>	Айқындауды. Диссертация тақырыбы диссертация мазмұнында толықтай ашылған және барлық болімдері мен тақырыбымен сәйкес келеді.
		<p>4.3. Максаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді</u>;</p> <p>2) ішінара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Сәйкес келеді. Жұмыстың алдына қойылған мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Автор алдына қойылған мақсатты орындауда міндеттерді толыктай орындаған.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық болімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан</u>;</p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жок.</p>	<p>Толық байланысқан. Диссертациялық жұмыстың барлық болімдері өзара толық байланысқан, кіріспе, әдебиетке шолу, материалдар мен зерттеу әдістері, иетижелерді талдау, қорытынды болімі және пайдаланылған әдебиеттер тізімі тұжырымдар мен қорытындылар логикалық толыктай байланысқан.</p>

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бүріншін белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау ішінәра жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ. 	<p>Сыни талдау бар. Автор жаңа шешімдер ұсынған және бүрінші белгілі шешімдермен салыстырып бағалаган. Әр корытынды зерттеу итіжелерінен алынған мәліметтерден күралған. Әрбір колданған әдіске белгілі әдебиет көздеріндегі шешімдермен салыстырыла отырып сынни талдау жасалған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми итіжелер мен ережелер жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінәра жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). <p>5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінәра жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) <u>ішінәра жаңа</u> (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 	<p>Толығымен жаңа. Батыс Қазакстан облысы бөлсөн фермаларында бүрін құстарды өсіруде колданылмаган жергілікті мия тамыры экстрактісінің бөдененің осуіне, қанының құрамына, етінің сапасына тигізетін әсері зерттелді.</p> <p>Толығымен жаңа. Диссертацияның корытындылары жаңа болып табылады, алынған зерттеу итіжелері туындаған және алғаш рет ұсынылуда.</p> <p>Ішінәра жаңа Диссертацияны орындау барысында жалпылама әдістермен бөдене стіне ветеринариялық - санитариялық саралтау жүргізген. Ет сапасын анықтайтын заманауи әдістемеліктерді колданғанда диссертация маңызы арта түсер еді.</p>
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	Барлық корытындылар ғылыми түргыдан қарғанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және онер және гуманитарлық галымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық корытындылар ғылыми түргыдан қарғанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген . Зерттеулер итіжесінде алынған және диссертациялық жұмыста баяндалған ғылыми деректер, корытындылар және ұсыныстардың ғылыми негізделу дәрежесі жогары.
7.	Коргауга шыгарылған негізгі ережелер	<p>Әр ереже бойынша келесі сұраптарға жауап беру кажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>дәлелдені;</u> 2) шамамен дәлелденді; 	<p>Коргауга ұсынылған негізгі мәселелер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мия тамыры экстрактісін пайдаланған кездеңі бөденелердің осу корсеткінгеріне және қауіпсіздігіне әсерін анықтау;

	<p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>и亞</u>;</p> <p>2) <u>жок</u>;</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>и亞</u>;</p> <p>2) жок;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u>;</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>и亞</u>;</p> <p>2) жок;</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладагы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>2. Мия тамыры экстрактісінің бодене қанының гематологиялық және биохимиялық көрсеткіштеріне тигізетін асері;</p> <p>3. Мия тамыры экстрактісін пайдаланған кездегі бодене етінің сапасын ветеринариялық-санитариялық бағалау, химиялық, минералдық және аминқышқылдық құрамын анықтау;</p> <p>4. Мия тамыры экстрактісін пайдаланған бодене етінің тағамдық, биологиялық құндылығына баға беру.</p> <p>7.1 Қоргауга шыгарылған негізгі ережелер толығымен дәлелденді.</p> <p>7.2 Диссертациялық жұмыстың қоргауга шыгарылған қағидаттары тривиалды емес, жаңашылдығы бар.</p> <p>7.3 Қоргауга ұсынылған негізгі мәселелер жаңа.</p> <p>7.4 Диссидентант өзінің диссертациялық жұмысында алғаш рет мия тамыры экстрактісінің боденесінде физиологиялық жай-күйі мен өсіміне жақсы асер еттіндігі аныкталған. Диссертациядағы итепижелерді бодене өсірумен айналысатын шаруашылықтарға көзінен қолдануға болады.</p> <p>7.5 Диссертациялық жұмыс колемінде альянган материалдар докторанттың жарық қорген мақалаларында жан-жакты дәлелденген. (The efficacy of licorice root extract on meat amino acid, fatty acid, vitamin, end mineral composition and productivity of quail Veterinary Worl. Vol.17/May-2024/11. -Pp. 1017-1025 DOI: 10.14202/vetworld.2024.1017-1025).</p>	
8.	<p>Дәйектілік қағидаты, Дереккөздер мен ұсынылған аппараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>и亞</u>;</p> <p>2) жок,</p>	<p>Ия. Зерттеу барысында әдістеменің таңдауы негізделген және зерттеу мактасы мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Әдіснама диссертациялық жұмыста нақты жазылған.</p>

		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы гылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректердің ондеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>иля</u>; 2) жок</p>	<p>Ия. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы гылими зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректердің ондеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Алынған нәтижелер статистикалық онделген. Алынған сандық материал биометриялық әдістерді колдана отырып, Student's t-тесті және Microsoft Office (Excel) біріктірілген пакетін пайдалана отырып онделген.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық гылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>иля</u>; 2) жок</p>	<p>Ия. Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен зертхана жағдайында заманауи құрылғылармен, сондай-ақ жалпы әдістерімен алынған нәтижелермен дәлелденген және расталған.</p>
		<p>8.4 Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді гылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінде расталған / расталмаган.</p>	<p>Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді отандық, шет елдік 154 гылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы расталған, оның ішінде отандық ғалымдардың ендектері - 43, ТМД және шетелдік ғалымдардың ендектері - 111.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга және <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз.</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга және негізгі мәселелерді шешууге жеткілікті.</p>
9	Практикалық құидылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) <u>бар</u>; 2) жок</p>	<p>Бар. Диссертацияның теориялық маңызы бар, себебі алғаш рет мия тамыры экстрактісінің бөдененің физиологиялық жай-күйі мен осіміне жақсы әсер ететіндігін анықтаған және бөдениң етінің сапасына оң әсері зерттелген.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жогары:</p> <p>1) <u>иля</u>;</p>	<p>Ия. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жогары. Бодене осірумен айналысадын шаруашылықтарда, рационының курамына қосынша</p>

		<p>2) жок</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жана ма?</p> <p>1) <u>толығымен жана;</u> 2) ішінара жана (25-75% жана); 3) жана емес (жаңасы 25% -дан кем).</p>	<p>колдануға болады. Бөдене етінің онімділігі мен сапасын арттыру тәсіліне пайдалы моделге патент алуға тапсырыс берілген.</p> <p>Диссертациялық жұмыс барысында алынған зерттеу нәтижелері бойынша тәжірибелік ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жогары;</u> 2) орташа; 3) орташадан томен; 4) томен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы - жогары. Диссертациялық жұмыста тақырып бойынша отандық, ТМД елдері және шет ел ғалымдарының соңғы 5-10 жыл колеміндегі зерттеу жұмыстарының нәтижелерініне терең талдау жүргізілген. Корытындылар жасалған жұмыс нәтижелерінен алынған.</p>
11	Диссертацияга ескертулер	<p>1.Мәтінде стилистикалық және орфографиялық қателер кездеседі.</p> <p>2. Диссертация бастамашыл тақырыпта орындалғанымен, оның номері, бекітін уақыты корсетілемеген,</p> <p>3.Диссертация тақырыбын «Күс етін» дегеннен гөрі «бөдене етінде» деп нактыласа дұрыс болар еді. Жалпы ескертулер диссертация маңызын жоймайды және жүргізген зерттеулердің оң бағасына асер етпейді.</p>	
12	Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация макалалар сериясы нысанада қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді).	Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері бойынша 6 ғылыми макала жарияланды. Сонын ішінде 2 (екі) макала халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда, 3 (уш) макала Қазақстан Республикасы Ғылым және жогары білім министрлігі. Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз сту комитеті ұсынған ғылыми басылымдар тізбесіне кіретін ғылыми журналдарда, 1 (бір) макала) (Web of Science және Scopus базасына кіретін, импакт-факторы журналда жарияланған, процентиль - 82. Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша макалаларының ғылыми деңгейі талапқа сай жазылған.	
13	Ресми рецензенттің шешімі Улғі ереженің 28-тармагына сәйкес)	Күшмұханов Женис Сериковичтің 6D120200 - «Ветеринариялық санитария» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Мия тамырының экстрактісі пайдаланылған күс етін ветеринарлық-санитарлық бағалау» атты диссертациясы өзекті тақырыпка ариналған, әдістемеліктер дұрыс колданған, практикалық маңызы жогары, ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сай	

		төлөк аяқталған гылими жұмыс. Сондыктан да, 6D120200 - «Ветеринариялық санитария» мамандығы бойынша докторант Күшмұханов Женис Сериковичқа философия докторы (PhD) дәрежесі тағайындалуын үсынамын.
--	--	---

Ресми рецензент,

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАК,
Ветеринария кафедрасының қауымдастырылған профессоры,
ветеринария гылымдарының кандидаты

